

# Сабақтың тақырыбы:

*Наурыз бен ақпан*

# Оқу мақсаты:

7.3.5.1 -Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну.

# Жаңа сөздер

- Араз-сердиться,злиться
- Бағын-(искать свое )счастья
- Көл-көсір-много
- Атағы-звания
- Пенде-человек
- Тоңды-замороженный







**1-тапсырма.Өлеңді мұқият оқыңыз. Тақырыбы мен идеясын анықтаңыз.**
**Внимательно прочитайте стихотворение. Определите тему и идею.**


Ақпан кетті **араз** боп наурызбен,
Наурыз жүр жоғалған **бағын** іздеп.
Көктем жетті көрісіп, жанын үзген,
Қыс аттанды қоштасып тағы бізбен.

Көктем жетті **көл-көсір** шуақ құйып,
Қыс барады қиылып, жылап тұрып.
Шатырында үйлердің наурыз жүр,
Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.

Тозған тонын бойына кие алмай бір,
Қайда барса қарт Аяз — сыя алмай жүр
Асқар таулар атасын шақырады,
Ой мен қырын атасы қия алмай жүр.

Қарар емес наурыз **атағына**,
Алар емес ақпанды қатарына.
Күні бойы жылаған қарт **пенденің**
Түні бойы мұз **тоңды** сақалына.

*(Мұқағали Мақатаев)*

# Дескриптор:

*- өлеңнің тақырыбын анықтайды*

*- өлеңнің идеясын анықтайды*

## 2-тапсырма . Сөздердің мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөз тіркесін құра.
## Сопоставьте значение слов и составьте словосочетание.

| | |
|---|---|
| Ақпан кетті | көл-көсір шуақ қуып. |
| Көктем жетті | жылап тұрып, |
| Асқар таулар | араз боп Наурызбен, |
| Қыс барады қиылып, | мұз тоңды сақалына |
| Ой мен қырынатасы | атасын шақырады |
| Түні бойы | бағын іздеп |
| Наурыз жүр жоғалған | қия алмай жүр |

3-тапсырма. Мұқағали ақынның наурыз туралы екі өлеңін Венн диаграммасы түрінде салыстырыңдар. Алдымен әр өлеңнің ерекшелігін, содан соң ортақ белгілерін табыңдар.

Сравните два стихотворения поэта Мукагали в виде диаграмм Венна. Сначала найдите особенности каждой песни, а затем общие черты.




